bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2021

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Абай Құнанбаев «Масғұт» поэмасы

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 16.11.2021 | https://bilimger.kz/110361/ |

---

| | | |
|---|---|---|
| **Талғар агробизнес және менеджмент колледжі**<br>**Оқу сабағының жоспары** | | |
| **Жоспардың  бөлімі: Қалың елім, қазағым** | | **Оқытушының аты—жөні: Ахметова М.М** |
| **Күні:«____»  ____  20___жыл** | | **Курс:  ____Топ: _______** |
| **Модуль/пән  атауы:** | Қазақ әдебиеті | |
| **Сабақтың   тақырыбы:** | **Абай Құнанбаев «Масғұт» поэмасы** | |
| **Сабақтың түрі:** | Аралас сабақ | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығын бағалау. | |
| **Оқу-жаттығу процесінде білім алушылар меңгеретін күтілетін нәтижелер** | Көркем шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, жаңашылдығына баға беріп, әдеби эссе жазады; | |
| **Қажетті ресурстар** | | |
| **Сабақтың барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | . | |
| **Сабақтың басы (5 минут)** | **Ұйымдастыру Амандасу, түгендеу**<br>**Топқа бөлу**<br>**Қызығушылықты ояту кезеңі**<br>Сабақтың тақырыбын суреттер арқылы болжайды.Ойларын ортаға салады.<br><br>·        Сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады.<br>Кескіндер (ақ, сары, қызыл жеміс) арқылы оқушылар топқа бөлінеді | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Сабақтың ортасы**

**Топтық жұмыс**
**1-тапсырма. Мағынаны тану кезеңі**
Берілген сұрақтарды мұқият оқиды, топтағы оқушылар ақылдаса отырып, жауап береді (әр топқа екі сұрақтан беруге де болады).
1-топ
1. Абай Құнанбаевтың шығармашлығымен таныссыз ба?
2. Сіздің ойыңызша, Абай оқырмандарына қандай шығармалар ұсынды? Неліктен?

2-топ
3. «Абай Құнанбаев – қазақ әдебиетінің жаңа кезеңінің негізін қалаушы» деген тұжырыммен келісесіз бе?
4. Абайдың қандай поэмаларын білесіз?

3-топ
5. Абай поэмаларындағы Ескендір, Масғұт, Әзім қандай кейіпкерлер?
6. Абай шығармаларының ұрпақ үшін құндылығы неде деп ойлайсыз?

4-топ
7. Абай поэмаларының қайсысы көңіліңізге жақын? Неліктен?
8. Абай поэмаларының  ұқсастығы неде?

**Жеке жұмыс**
**2-тапсырма.** Оқушыларға «Масғұт» поэмасын көз жүгірте оқып шығу тапсырылады (Мұғалім шығарманы алдын ала оқуға бергені абзал). Оқи отырып, поэмадағы басты кейіпкерлерді анықтайды. Кейіпкерлер тізімін жасайды.
**Мысалы:**

| Кейіпкерлер | Кейіпкерлерге мінездеме |
|---|---|
| Масғұт | |
| Қыдыр | |
| Хан | |
| Ұры | |
| Халық | |

**Дескриптор:**
—«Масғұт» поэмасын көз жүгірте оқып шығады;
— Поэмадағы басты кейіпкерлерді анықтайды;
— Кейіпкерлер тізімін жасайды;
— Кейіпкерлерге мінездеме береді;

**Бағалау. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»**

**Жұптық  жұмыс**
**3-тапсырма.** Драманың басты кейіпкерлері Масғұт пен Қыдыр бабаға жеке тоқталып,  іс-әрекеттерін даралайды.

| Екіжақты күнделік | |
|---|---|
| **Масғұт** | **Қыдыр баба** |
| | |

**Дескриптор:**
· шығармадағы кейіпкерлерді анықтайды;
· көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтайды;
· жекелеген кейіпкерлер іс-әрекетін даралайды.

**Бағалау. «Табыс баспалдағы»**

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr><td>Сабақтың соңы ( 5 минут)</td><td colspan="3">Ойтолғаныс кезеңі. Жеке жұмыс<br>Оқушылар сабақты бекіту мақсатында берілген кестені толтырады.<br>
<table>
<tr><td>Тақырыптың өзектілігіне ұқсас шығармаларды атаңыз.</td><td></td></tr>
<tr><td>Автор өмір сүрген заман көрінісіне сипаттама беріңіз.</td><td></td></tr>
<tr><td>Ортақ мәселені қазіргі заман көрінісімен қалай байланыстырар едіңіз?</td><td></td></tr>
<tr><td>Поэмадағы көркемдік шешімге қандай баға берер едіңіз?</td><td></td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>Сабақ бойынша рефлексия</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.